



БАҒА МЕН ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ ОРЫНДА



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙДЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН КЕЗЕКТІ АППАРАТТЫҚ ЖИНАЛЫСТА ӨНІР ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҮШ БАҒЫТ ТАЛҚЫЛАНДЫ. КҮН ТӨРТІБІНДЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ, ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ.

87 КӘСІПКЕРГЕ ШАРА ҚОЛДАНЫЛДЫ

Жиналыстың алғашқы бөлімінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы сөз болды. Кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Пікір Сансызбаевтың мәліметінше, жыл басынан бері өнімдегі баға индексі 104,8 пайызды құрап отыр.

Маңғыстау логистикалық тұрғыдан күрделі аймақ болғандықтан, кейбір тауарлардың бағасы республикалық көрсеткіштен жоғары. Дегенмен бағаны негізсіз өсіруге жол бермеу мақсатында жүйелі жұмыс жүрді. Бүгінге дейін 30 комиссия отырысы өтіп, заң талаптарын бұзған 87 кәсіпкерге әкімшілік шара қолданылды. Сонымен қатар тұрғындарға қолжетімді өнім ұсыну үшін 119 жәрмеңке ұйымдастырылып, 340 сауда нысанымен арнайы меморандумдар жасалған.

ҚОЙМАЛАР ДАЙЫН БА?

Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы өнімдерінің азық-түлік қорының жай-күйін баяндады. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының соңғы мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда облыс аумағында 109,5 мың тоннаға дейін өнімді қабылдауға қауқарлы заманауи қойма кешендері жұмыс істеп тұр. Бұл – төтенше жағдайларда немесе маусымаралық кезеңде тапшылықты болдырмауға мүмкіндік беретін үлкен күш. Негізгі жеткізушілермен келісімшарттар жасалып, қор жинақталған.

Маңғыстау облысының географиялық ерекшелігі мен азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі сырттан тасымалданып отырғандықтан, өнімдерінің қойма инфрақұрылымының жай-күйі азық-түлік қауіпсіздігінің басты кепілі болып табылады.

Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар тек қоймаларды толтырумен шектелмейді. Басқарма мамандарының айтуынша, негізгі тауар жеткізушілермен алдын ала нақты келісімшарттар жасалып, өнім қорын жүйелі түрде жинақтау процесі жолға қойылған. Форвардтық келісімдер арқылы өнім бағасын ерте бастан бекіту тәжірибесі нарықтағы делдалдардың ықпалын азайтып, тұрғындарға әлеуметтік

маңызы бар тауарларды тиімді бағада ұсынуға мүмкіндік береді. Осылайша, Маңғыстаудың қойма инфрақұрылымы өнімнің ішкі нарығын тұрақтандырудағы ең басты және сенімді тетікке айналып отыр.

10 ҚАУІПТІ АЙМАҚ БАР

Күннің жылынуымен бірге шомылу маусымы да жақындап келеді. Төтенше жағдайлар департаменті биылғы маусымға дайындықты бастап кеткен. Маңғыстау жағалауында 45 ресми рұқсат етілген жағажай, 10 шомылуға тыйым салынған қауіпті аймақ бар.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жағалаудағы құтқару инфрақұрылымы айтарлықтай жаңғыртылып, мамандандырылған техникалар мен мобилді бекеттер толықтай кезекшілікке кірісті. Мамандар суға шомылу кезінде тек рұқсат етілген орындарды таңдаудың маңызын, бұл кез келген төтенше жағдайда құтқарушылардың жедел көмек көрсетуіне мүмкіндік беретінін алға тартады. Сонымен қатар, қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін жағажайлар мен тыйым салынған аймақтарда тұрақты түрде патрульдік рейлдер жүргізіліп, су айдындарындағы тәртіпті сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары қарқынды атқарылууда.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

«Азық-түлік бағасын бақылау – күнделікті назарда болуы тиіс. Халықтың қалтасына салмақ салмайтын тетіктерді тиімді пайдалану қажет. Сонымен қатар шомылу маусымында бірде-бір қайғылы жағдайға жол бермеу үшін қауіпсіздік шараларын барынша қатаңдатуды тапсырамын», – деді аймақ басшысы.

Аппараттық жиналыста көтерілген мәселелердің орындалуы облыс әкімінің тікелей бақылауында болады.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

• БҮГІНГІ САНДА

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТАРИХИ МУЗЕЙ



МАҢҒЫСТАУ АСПАНЫНЫҢ ҚҰСТАРЫ



Ардагер журналистке – ЗОР ҚҰРМЕТ

«МАҢҒЫСТАУ – МЕДИА» МЕДИАСЕРІКТЕСТІГІНДЕ ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР, АРДАҒЕР ЖУРНАЛИСТ МЕЙРАМБАЙ ҚИБАСОВТЫҢ 80 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ДИРЕКТОР ӘНУАР БИМАҒАМБЕТ БАСТАҒАН МЕДИАСЕРІКТЕСТІК ҰЖЫМЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТИП, ТАРТУ-ТАРАЛҒЫСЫН ҰСЫНДЫ.



✍ Голпрох ЖЕМЕНЕЙ

Әр нәрсенің бастау-бұлағы, түп негізі болатыны анық. Бұл бізді алдымыздағы аға буынның атқарған еңбегін бағалауға жетелейді. Алайда қалам ұстағанның бәрін бірдей қаламгер деуге болмайтыны тағы анық. Сол қаламгерліктен қайраткерлікке дейін биікке көтерілген азаматтың бірі – Мейрамбай Бисембайұлы. Бір нәрсені ерекше екішеп айтуға болады. Өнімнің дербес газеті жабылып қалған кезде, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетіне «Газетім қайда, газетім?» деп жар салып, қайта ашылуына ықпал етіп, ұйымдастыру ісіне жетекшілік етті. Еңбегіңіздің мерейін көріңіз, – деді құттықтау сөзінде «Маңғыстау – Медиа» ЖШС директоры Әнуар Бимағамбет.

Тағылымды кездесуде ардагер журналистке Маңғыстаудан түлеп ұшқан бір топ азамат, атап айтқанда ҚР Парламенті Сенатының экс-депутаттары – Серікбай Трұмов, Сүйіндік Алдашев пен Бекбол Орынбасаровтың құттықтау хаты табысталды.

«Өз еңбек жолыңызды мұнайшылықтан бастап, күллі саналы ғұмырыңызға қасиетті қаламды серік еттіңіз. Тусырап жатқан түбектің тарихын таңбалап, өндірістің өркендеу жолын өрнектей білдіңіз. Өнімнің қалыптасуы мен дамуы жолындағы еңбекпен еңсерілген талай жетістіктер сіздің қаламыңыз арқылы жұртшылыққа жария болды. Баспасөздің қоғамдағы рөлі мен еркіндік секілді құндылықтар үшін күрескен сәттеріңізде де өмір-дерегіңізден кездестіреміз» делінген құттықтау хатта.

Сондай-ақ жиянда «Маңғыстау – Медиа» ЖШС директоры орынбасары Лаура Тындырғанова сөз сөйлеп, қаламгердің көпқырлы көкжиегі мен ұлт мүддесі жолындағы табанды күресінен көрініс табатын қайраткерлік болмысы туралы баяндады. Облыстық «Маңғыстау» газетінің редакторы Анаргүл Жексембайқызы қаламгердің күрделі кезеңдегі саяси қайраткерлігіне назар аударып, ұлт тағдырына сергек қараған азаматтың шығармашылық жолындағы жетістіктері мен тыңнан түрен салған тақырыптарына кеңінен тоқталды. Облыстық «Огни Мангыстау» газетінің редакторы Марина Қалағанова ардагер-журналистке жылы лебізін білдірді. Ал қалалық «Жаңаөзен» газетінің редакторы Гүлнәз Бөлекбаева Тәуелсіздікке, мемлекетке адал қызмет еткен жанның журналистік шеберлігі, азаматтық қадір-қасиеті мен еселі еңбегіне ерекше тоқталды. Сондай-ақ «Жаңаөзен» газетінің ұжымы атынан ардагер журналистке құттықтау хат табыстады.

«Сіздің бойыңызда адами асыл қасиет – елі мен жерін қастерлеу, елдің перзенті ретінде халық үшін қадірлі іс жасау, оған қажеттіні дөп танып, оны игілікті пайдалануды ұйымдастыруға ақ қағаз бен қара қаламның күшімен үлес қосу, адалдық пен адамгершілік, шын жанашырлық қасиеттері бар деп бағалаймыз. Мінезі ірі, қылығы сара, құлығы таза, ойы өткір, көңілі жүйрік, пікірі мұрда оғандай көздеген мақсатқа дәл тиетін, әділеттің жоқшысы, терезесі теңдік қағидасын, елдіктің ең басты өзегі деп ұққан жан ғана халық қадірлісі бола алады. Сіз ел сеніміне селкеу түсірмеген журналистердің қатарындасыз! Қалалық «Жаңаөзен» қоғамдық-саяси газетінің алғашқы бас редакторы қызметін атқарған қаламы қуатты қаламгерсіз!» делінген құттықтау хатта.

Басқосуда «Маңғыстау» басылымында айрықша қолтаңбасы қалған арда азаматтың қайраткерлік, қаламгерлік, азаматтық болмысы жайында жан-жақты сөз болды. Аға буын өкілдері қайраткердің республика тарихында алар қоғамдық-саяси орны, қаламгерлік мұрасы, жас ұрпаққа берер өнегесі туралы кең ауқымда әңгімелеп, тың ұсыныстарын ортаға салды. Өз кезегінде мерейтой иесі өзіне көрсетілген құрмет үшін «Маңғыстау – Медиа» ұжымына алғысын айтты. Ардагер журналист цифрландыру дәуірінде газет ұжымдарына да уақыт талабына сай жаңа міндеттер жүктеліп отырғанын айтып, жергілікті басылымдардың жұмысына сәттілік тіледі.

Мұнайлы ауданы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

Мұнайлы ауданы

№ 97-қ

8 сәуір 2026 жыл

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың тоқтатылғаны туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңының 18, 63-баптарына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 7 қазандағы «Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» №212-қ қаулысының күші осы қаулының қосымшасына сәйкес ішінара тоқтатылсын.
- Осы қаулы қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Мұнайлы ауданы әкімдігінің интернет-ресурстарын қоса алғанда, республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қанапинге жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы ауданының әкімі

Қ.ҚҰЛЖАНОВ

Мұнайлы ауданы әкімдігінің
2026 жылғы 8 сәуірдегі №97-қ қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару тоқтатылған жер учаскелерінің тізімі

| № | Жер учаскелерінің меншік иелері | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің кадастрлы нөмірі | Жер учаскесінің жалпы көлемі, га. |
|--------------|-------------------------------------|--|----------------------------------|-----------------------------------|
| 1 | Кулканбаева Кулсин Сағынбаевна | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Көктем тұрғын массиві, №97 учаскесі | 13-203-055-011 | 0,0600 |
| 2 | Буркитбаева Гүлбану Майлиходжаевна | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Болашақ тұрғын массиві, Шапағат көшесі, №95 учаскесі | 13-203-054-415 | 0,0609 |
| 3 | Картанова Кадыша Ирзабековна | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Арай тұрғын массиві, Қызғалдақ көшесі, №16 учаскесі | 13-203-050-451 | 0,0684 |
| 4 | Абдиримова Умида Сабировна | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Арай тұрғын массиві, Қызғалдақ көшесі, №43 учаскесі | 13-203-050-441 | 0,0606 |
| 5 | Нурпейсов Базарбай Кенгесович | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Болашақ тұрғын массиві, Самал көшесі, №254 А учаскесі | 13-203-054-548 | 0,0574 |
| 6 | Бильбаева Роза Эльбековна | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Туған ел тұрғын массиві, Гүлдер көшесі, №526 учаскесі | 13-203-056-408 | 0,1097 |
| 7 | Головин Андрей Владимирович | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Болашақ тұрғын массиві, Шапағат көшесі, №47 учаскесі | 13-203-054-193 | 0,3035 |
| 8 | Молдақұлов Нуррадиль Нуржасынович | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Қаламқас тұрғын массиві, № 675 учаскесі | 13-203-057-956 | 0,0600 |
| 9 | Бесбаев Шәкен Туркменбаевич | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Қаламқас тұрғын массиві, № 583 учаскесі | 13-203-057-713 | 0,0600 |
| 10 | Нуррадильов Джарылғап Бахтыхалыевич | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Болашақ тұрғын массиві, Темірқазық көшесі, № 189 учаскесі | 13-203-054-465 | 0,0600 |
| 11 | Нейзер Альбина Серафимовна | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Көктем тұрғын массиві, № 57 учаскесі | 13-203-055-197 | 0,0596 |
| 12 | Карасаев Нуркен Кырымович | Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Туған ел тұрғын массиві, Алау көшесі, № 502 учаскесі | 13-203-056-903 | 0,0632 |
| Жалпы ауданы | | | | 1,0233 |

«Өзенмұнайгаз» АҚ қоғамдық тыңдаулар өткізуде

| | |
|--|---|
| Жобаның атауы | «Өзенмұнайгаз» АҚ бөлімшелері үшін атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің, ӨҚБ, ӨЭБ, ҚОҚБ жобалары |
| Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны | 2026 жылғы 19 маусым сағат 15.00-де, «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік бөлімшесі, 2-қабат, конференц-зал. https://us05web.zoom.us/j/7597589893?pwd=qe3zXueL0Q4wt2nh2ASJPYaSLHBJy1.1&omn=83584260198 Конференция идентификаторы: 759 758 9893 Кіру коды: 1 |
| Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері | «Өзенмұнайгаз» АҚ, БСН: 120 240 020 997 Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік департаменті, Мурынбаева О., 8-72934-65178 o.murinbayeva@omg.kmg.kz |
| Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері | «ГеоПроект» ЖШС, БСН: 980740004456 Атырау облысы, Атырау қ, Сарқымас ықшам аданы, лашын көшесі, 19-үй, Проект жасақтаушы: Ж.Мустафина тел. 87011488587 info_ecopolis@mail.ru |
| Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы | https://ndbecology.gov.kz/ сайтында, қоғамдық тыңдаулар бөлімінде |
| Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері | Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, бас маман С.Базарбай s.bazarbay@mangystau.gov.kz Қазақ және электронды түрдегі ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады. |

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ, «Ақтау» БМАС. Ағызу т/ж эстакадасының иісін басын қондырғыны өндіру (Маңғыстау облысы). Түзету» жоба бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (<https://ndbecology.gov.kz/>) жарияланған қоғамдық талқылаулар бөлімінде, 2026 жылдың 22 мамырынан 29 мамырына дейін аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Тапсырыс беруші: «ҚазТрансОйл» АҚ, Туран даңғылы; e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz, тел.: 8-7172-79-16-63.

Жасанды интеллектіге негізделген білім беру технологияларының құндылық бағдарларына әсері

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛЫП КЕЛЕДІ. ӘСІРЕСЕ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР, ВИРТУАЛДЫ ОҚИТУ ЖҮЙЕЛЕРІ, АВТОМАТТЫ БАҒАЛАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҚОСЫМШАЛАР ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖЕҢІЛДЕТІП, БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРУДЕ. БҮГІНГІ СТУДЕНТ ПЕН ОҚУШЫ ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА БІЛІМ АЛУҒА БЕЙІМДЕЛІП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСİNДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ ҒАНА ЕМЕС, АДАМНЫҢ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРЫ ДА ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУДА.

Бүгінде Қазақстандағы жоғары оқу орындары да цифрлық білім беру жүйесіне белсенді түрде көшіп жатыр. Соның ішінде Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде де заманауи білім беру технологияларын қолдануға ерекше көңіл бөлінуде. Университетте студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, инновациялық ойлау қабілетін дамыту және жаңа технологияларды меңгеру бағытында түрлі платформалар мен электронды ресурстар пайдаланылып келеді. Бұл білім алушылардың кәсіби дайындығын жетілдіруге және заман талабына сай маман қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру арқашан тек білім берумен шектелмей, тұлғаның дүниетанымын, мәдениетін және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Осы тұрғыдан қарағанда, жасанды интеллектінің адам құндылықтарына әсерін қарастыру маңызды мәселе болып табылады. Себебі технология дамыған сайын адамдар арасындағы тікелей қарым-қатынас азайып, виртуалды ортаға тәуелділік күшейіп келеді.

Жасанды интеллект негізіндегі білім беру технология-

ларының пайдалы жақтары өте көп. Біріншіден, ол оқушының жеке қабілетіне қарай оқу материалын ұсынуға мүмкіндік береді. Әр адамның қабылдау деңгейі әртүрлі болғандықтан, мұндай тәсіл білім алуға деген қызығушылықты арттырады. Екіншіден, цифрлық технологиялар ақпаратқа жылдам қол жеткізуге жағдай жасайды. Бұл қазіргі заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар мұндай технологиялар адамның құндылықтық бағдарларына да әсер етеді. Қазіргі жастар арасында еркіндік, жылдамдық, цифрлық сауаттылық сияқты жаңа құндылықтар қалыптасып келеді. Сонымен бірге шынайы қарым-қатынастың азаюы, жауапкершіліктің төмендеуі және ұлттық мәдени құндылықтарға деген қызығушылықтың әлсіреуі байқалуы мүмкін. Әсіресе ұзақ уақыт виртуалды ортада болу адамның психологиялық жағдайына әсер етеді. Кейбір адамдарда жалғыздық сезімі, эмоциялық тұрақсыздық немесе әлеуметтік ортадан алшақтау байқалады.

Психологиялық тұрғыдан қарағанда, жасанды интеллект оқушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамытады. Олар қажетті ақпаратты өз бетімен іздеп, тапсырмаларды жылдам орындай алады. Дегенмен технология Мұғалімнің орнын толықтай алмастыра алмайды. Себебі мұғалім – тек білім беруші емес, сонымен қатар тәрбие беруші тұлға. Адам арасындағы жанды қарым-қатынас, қолдау мен түсіністік кез келген технологиядан маңыздырақ болып қала береді.

Сондықтан жасанды интеллектінің білім беру саласында қолданғанда адамгершілік және рухани құндылықтарды естен шығармау қажет. Технология адамға қызмет етуі керек, ал адам технологияға тәуелді болмауы тиіс. Егер білім беру жүйесінде жасанды интеллект дұрыс әрі тиімді қолданылса, ол тұлғаның дамуына және сапалы білім алуына үлкен мүмкіндік береді.

Г.ЖҮНЕЛБАЕВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
жалпы педагогика кафедрасының оқытушысы.

Құқық саласындағы тіл саясаты

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ТЕК ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛІ ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ.

Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысатын адамдарға сотта айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы өтеусіз қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар тандаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту, оның қолдану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқор жасау, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру – бәрімізге ортақ міндет.

Бибігүл ДЕМЕНОВА,
Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы.

Бұл бос орын сіздің
ЖАРНАМАҢЫЗҒА
АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

